

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1571 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 573 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 3-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2011 жылғы	21 желтоқсандағы
№ 1571 қаулысымен	
бекітілген	

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 3-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар заңды және жеке тұлғалардың этил спирті және (немесе)

алкоголь өнімін өткізу (босату), алып өту, қайтару, тасымалдау бойынша операцияларды жүргізу кезінде ілеспе жүкқұжаттарын (бұдан әрі – ІЖҚ) ресімдеу мен пайдалану тәртібін белгілейді.

Осы Қағидаларда этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өткізу (босату), алып өту, қайтару, тасымалдау бойынша операцияларды жүзеге асыратын тұлға жеткізуші (бұдан әрі – жеткізуші) болып танылады.

Алушы (бұдан әрі – алушы) деп этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өткізу (босату), алып өту, қайтару, тасымалдау бойынша операцияларды жеткізуші жүргізген кезде этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін алу бойынша операцияларды жүзеге асырушы тұлға түсініледі.

3. Этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өткізу (босату), алып өту, қайтару, тасымалдау бойынша әрбір операцияны (Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өту пунктiнен межеленген жерге дейiн импортталатын алкоголь өнімін тасымалдаудан басқа) жүргізген кезде, жеткізуші міндетті түрде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысанда ІЖҚ ресімдейді.

Этил спиртiнiң және (немесе) алкоголь өнімінің экспорты кезінде осы Қағидалардың 10-тармағы қолданылмайды.

4. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді және айналымын реттеуді этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі және айналымы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Ілеспе жүкқұжаттарын ресімдеу және пайдалану

5. ІЖҚ-ны этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін жеткізуші мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде «Салық төлеушінің кабинеті» Интернет-ресурсы (web-қосымшасы) арқылы (бұдан әрі – Бағдарлама) электрондық түрде ресімдейді.

Бағдарлама уәкілетті органның Интернет-ресурсында (web-порталында) орналастырылады және салық төлеушілердің пайдалануына қол жетімді болып табылады.

6. ІЖҚ-да мынадай деректер көрсетіледі:

- 1) нөмір (Бағдарлама автоматты түрде береді);
- 2) ресімдеу күні (Бағдарлама автоматты түрде береді);
- 3) операция коды (Бағдарламаның анықтамасынан таңдалып алынады);
- 4) «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі – Ұлттық тізілімдер туралы заң) сәйкес:

Ұлттық тізілімдер туралы заңның 3-бабы 4-тармағының 4) тармақшасы қолданысқа енгізілгенге дейін салық төлеушінің (жеткізушінің) тіркеу нөмірі (

19) өткізілетін (тиеп-жөнелтілетін) шарап материалының мөлшері (литрмен көрсетіледі). Осы тармақшада және осы тармақтың 35) тармақшасында көрсетілген мәліметтер шарап материалын өткізу (тиеп-жөнелту) кезінде міндетті түрде толтырылуы тиіс, бұл ретте тиісті ұяшықта:

алкоголь өнімінің өндірісіне;
коньяк спиртінің өндірісіне (тікелей немесе екі қайта айыру жолымен шарап материалынан алынатын этил спирті) тиеп-жөнелтілетін шарап материалының мөлшері көрсетіледі;

20) өткізілетін (тиеп-жөнелтілетін) алкоголь өнімінің жалпы мөлшері (осы тармақтың 27) тармақшасында көрсетілген алкоголь өнімінің мөлшерін қосу жолымен Бағдарлама автоматты түрде көрсетеді).

Осы тармақшада және осы тармақтың 22) – 27) және 35) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер алкоголь өнімін өткізу (тиеп-жөнелту) кезінде міндетті түрде толтырылуы тиіс;
21) жолдың реттік нөмірі;

22) жеке сәйкестендіру нөмірі – алкоголь өнімінің коды (бұдан әрі – ЖСН-код) (Бағдарламаның ЖСН-код анықтамалығынан таңдап алынады);

23) өнім түрі (ЖСН-код енгізген кезде, Бағдарлама автоматты түрде қояды);

24) өнімнің атауы (ЖСН-код енгізген кезде, Бағдарлама автоматты түрде қояды);

25) ыдыстың сыйымдылығы (ЖСН-код енгізген кезде, Бағдарлама автоматты түрде қояды);

26) шөлмектің санын жеткізуші енгізеді;

27) өткізілетін (тиеп-жөнелтілетін) алкоголь өнімінің мөлшері (осы тармақтың 25) және 26) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді көбейту жолымен Бағдарлама автоматты түрде литрмен береді;

28) жеткізуші жазып берген ІЖҚ нөмірі (алкоголь өнімі немесе оның бір бөлігі қайтарылған жағдайда қажет болған кезде толтырылады);

29) өткізілетін (тиеп-жөнелтілетін) сыраның жалпы мөлшері (осы тармақтың 33) тармақшасында көрсетілген сыра мөлшерін қосу жолымен Бағдарлама автоматты түрді көрсетеді).

Осы тармақшада және осы тармақтың 30) - 33) және 35) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер сыраны өткізу (тиеп-жөнелту) кезінде міндетті түрде толтырылуы тиіс;

30) сыраның атауын жеткізуші енгізеді;

31) сыраға арналған ыдыстың сыйымдылығын жеткізуші енгізеді;

32) сыраға арналған ыдыстың, шөлмектің, кега-бөшкелердің санын жеткізуші енгізеді;

33) өткізілетін (тиеп-жөнелтілетін) сыраның мөлшері (осы тармақтың 31)

және 32) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді көбейту жолымен Бағдарлама автоматты түрде литрмен көрсетеді);

34) жеткізуші жазып берген ІЖҚ нөмірі (сыра немесе оның бір бөлігі қайтарылған жағдайда қажет болған кезде толтырылады);

35) басшының тегін, атын, әкесінің атын жеткізуші толтырады;

36) бар болса, бухгалтердің тегін, атын, әкесінің атын жеткізуші толтырады;

37) этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін нақты алу күнін көрсетумен, алушының тегі, аты, әкесінің аты және қолы.

7. ІЖҚ-ның уәкілетті органның серверіне жіберілгеннен кейін қағаз тасығышта екі данада басып шығарылады, басшы, бухгалтер (бар болса) қол қояды, сондай-ақ жеткізушінің мөрімен расталады (бар болса, дара кәсіпкерлер үшін).

8. Межеленген жерге дейін тасымалдау кезінде этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін алып жүру үшін ІЖҚ қағаз тасығыштағы бір данасы тасымалдаушыға беріледі (алушының өкіліне), ол кейіннен көрсетілген тауарды алышуға тапсырылады.

9. ІЖҚ-ның екінші данасы этил спирті және алкоголь өнімін жеткізушіде сақталады.

10. ІЖҚ-ны Бағдарламада ІЖҚ алуды растау жолымен электрондық түрде алушылар табыс етеді.

Этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін алушылар (этил спирті медициналық және техникалық мұқтаждықтарға алушылардан басқа) тауарды алғаннан кейін жеткізушімен ІЖҚ ресімделген күннен бастап күнтізбелік жиырма бес күн ішінде ІЖҚ алуды электрондық түрде растайды немесе растаудан бас тартады.

11. Растау мерзімдері бұзылған немесе ІЖҚ алу расталмаған жағдайларда Бағдарламада осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес автоматты режимде хабарлама қалыптастырылады.

Алушылар Бағдарламада хабарламамен танысқаннан кейін ІЖҚ алуды растайды немесе растаудан бас тартады.

12. Осы Қағидалардың 6-тармағында белгіленген деректер толық (және) немесе дұрыс көрсетілмей ресімделген ІЖҚ осындай ІЖҚ ресімделген күннен бастап екі жұмыс күн ішінде жойылуға жатады.

13. ІЖҚ жойылған жағдайда жаңа ІЖҚ жазып беріледі.

14. ІЖҚ есебі осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бағдарламаның ІЖҚ тіркеу журналы жүргізіледі.

15. Қағаз тасығыштағы ІЖҚ бес жыл бойы жеткізуші мен алушыларда сақталады.

16. Жеткізуші (алушы) заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде қайта

МО:

Бухгалтердің Т. А. Ә.: _____ қ о л
 Алушының Т. А. Ә.: _____ а л ы н ғ а н

 (күні, айы, жылы) Қ о л ы

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларына
 2-қосымша
 нысан

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжат алғанын растамау туралы хабарлама

«__» _____ 20__ ж.

(салық органының атауы)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жыл
 «__» _____ № _____ қаулысымен бекітілген, Этил спиртіне жә
 (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу м
 пайдалану қағидаларының 11-тармағына сәйкес Сіз

(салық төлеушінің аты-жөні немесе атауы)

СТН _____

ЖИН (БИН) _____

(нөмірі және табыс етудің кезеңі)

этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттардың алынғанының расталмағаны туралы хабард
 е т е д і .

Осыған байланысты Сіз тіреку жеріңіздегі салық органына 5 жұмыс күні ішінде түсініктеме беру үшін келуіңіз қаж
 .

Этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларына
 3-қосымша
 нысан

ІЖҚ тіркеу журналы

ІЖҚ - ның күні _____ ІЖҚ - ты растау
 __ ж. __ __ бастап __ ж. __ __ дейін бас тарту күні __ ж. __

___ б а с т а п ___ ж . _____

дейін

Жеткізушінің СТН-і _____ Алушының СТН-і _____

Жеткізушінің ЖСН/БСН-і _____ Алушының ЖСН/БСН-і _____

ІЖҚ-ның нөмірі: _____

ІЖҚ мәртебесі
алғашқы түрі жойылды
жіберілді расталды

алынды қайтарылды

№	ІЖҚ-ның күні	ІЖҚ-ның нөмірі	Жеткізушінің СТН-і	Жеткізушінің ЖСН/БСН-і	Алушының СТН-і	Алушының ЖСН/БСН-і	ІЖҚ-ы растау/ қайтару күні	Өткен күндердің саны	Мәртебесі	Іс-қ
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Көрсетілетін жолдардың саны: ___ барлығы ___